

САРАПТАМАЛЫҚ ҚОРЫТЫНДЫСЫ
(оқу мерзімі: 2025-2027 жж.)

1. Білім беру бағдарламасын бағалау

А) Бағдарламаның еңбек нарығындағы қажеттілігі

Профильдік жоғары оқу орнының сарапшысы тұрғысынан алғанда, «7М02211 – Шығыстану» бағдарламасы жоғары академиялық және ғылыми сұранысқа ие. Ол жоғары білім беру жүйесі, ғылыми мекемелер үшін кадрлар даярлауға және кейін докторантурада (PhD) оқуды жалғастыруға бағытталған. Бағдарлама шығыстану және халықаралық зерттеулер саласында ғылыми кадрларды дайындауды қамтамасыз етеді.

Б) ББ-ның нормативтік құжаттарға сәйкестігі

Білім беру бағдарламасы жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің Мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының (МЖБС), Ұлттық біліктілік шеңберінің және ғылыми-педагогикалық бейіндегі гуманитарлық ғылымдар магистрінің біліктілік сипаттамаларының талаптарына толық сәйкес келеді. Бағдарламаның құрылымы, кредиттер көлемі, практикалардың түрлері және қорытынды аттестаттау нысандары белгіленген нормативтерге сай. Оқу нәтижелері жоғары мектеп оқытушысы мен зерттеушінің кәсіби функцияларымен қисынды түрде өзара байланысты.

В) ББ мазмұнының ғылымның қазіргі деңгейіне сәйкестігі

Бағдарламаның мазмұны шығыстану ғылымының заманауи жетістіктерін, пәнаралық және әдіснамалық тұрғыдан негізделген әдістерді көрсетеді. Зерттеу әдіснамасы, ұлттық-мемлекеттік құрылыс, Шығыс елдерінің креативті экономикасы және цифрлық талдау әдістері бойынша модульдердің болуы оң бағаланады. Бағдарлама тұрақты зерттеушілік және педагогикалық құзыреттерді қалыптастырады.

2. Білім беру бағдарламасын жетілдіру жөніндегі ұсыныстар

Бағдарламаны шығыстану саласындағы ең жаңа теориялық пікірталастарды қамтитын пәндермен толықтыру қажет деп санаймыз. Оқу нәтижелерінің тұжырымдамаларын құрылымдық тұрғыдан ірілендіріп, біріздендіру, олардың артықтығы мен қайталануын қысқартуды ұсынамыз. Біз білім беру бағдарламасындағы «Шығыс елдеріндегі қазіргі тарихи үдерістер» пәнінің орнына «Шығыстың қазіргі қоғамы» пәнін кіргізуді ұсынамыз. «Шығыстың қазіргі қоғамы» пәнін тарихи бағыттағы курс орнына таңдау оқу процесін сипаттамалық модельден талдау моделіне көшіру қажеттілігімен негізделеді. Тарих өткен фактілерді зерттесе, социология қазіргі үдерістерге

(демография, миграция, урбанизация) назар аударады. Магистрант үшін оқиғалар хронологиясын тіркеуден гөрі қоғамның қазіргі қалай жұмыс істейтінін және ертең қалай өзгертетінін түсіну маңызды. Сондай-ақ, социологиялық тәсіл магистранттарға қолданбалы әдістермен жұмыс істеу дағдыларын береді: далалық зерттеулер, ірі деректерді талдау және сауалнамалар жүргізу. Бұл түлекті тек теориялық мұрағатшыдан гөрі бәсекеге қабілетті сарапшыға айналдырады. Сонымен қатар, аталған пән үшін мына оқу нәтижелерін (ОЖ) ұсынамыз: «Қазіргі шығыстанудың негізгі теориялық тұжырымдамаларының, Азия халықтары мен мәдениеттерінің даму заңдылықтары мен ерекшеліктерінің модельдері негізінде ғылыми-зерттеу қызметін жүзеге асырады; Шығыс елдерінің тарихы, экономикасы, мәдениеті және саясаты саласындағы жаңа ғылыми идеяларды қалыптастырып, жүзеге асырады; алынған білімді академиялық өзара іс-қимыл, білім беру және ғылыми-зерттеу жобаларын жоспарлау тәжірибесінде біріктіріп, заманауи әлеуметтік-мәдени контекстке және кәсіби коммуникация динамикасына бағдарланған түрде қолданады».

3. Қорытынды

«7М02211 – Шығыстану» білім беру бағдарламасы профильдік жоғары оқу орнының және академиялық қауымдастық талаптарына сәйкес келеді, ғылыми тұтастығы мен әдістемелік негізділігі бар. Бағдарламаны жүзеге асыруға және әрі қарай дамытуға, соның ішінде жоғары білікті кадрларды даярлаудың базасы ретінде қолдануға ұсынуға болады.

т.ғ.д., Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық
университеті Шығыстану факультетінің
профессоры



Н. Мұқаметханұлы

